



Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

СЕРТИФИКАТ

Айтбаев Такен Бердібайұлы

Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«Білім құндылығы» журналының көпшілік оқырманға

тарауына атсалысып, журнал бетінде ғылыми-танымдық

материалдарды жариялауын растайды

«Білім құндылығы» республикалық
педагогикалық ғылыми-әдістемелік
журналының редакторы



Р. Атаұшев

Ақпан, 2023 жыл

Тіркеу № 15

“Білім құндылығы/Ценность образования” республикалық
педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Құрметті Такен Бердібайұлы!

Еліміздің ертеңі – жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ізденімпаздықтың үлгісін көрсетіп, республикалық «Білім құндылығы – Ценность образования» журналында педагогикалық тақырыпта құнды жұмыстар жариялағаныңыз үшін Сізге алғысымызды білдіреміз.

Алдағы уақытта да жаңа заманға сай, өскелең ұрпақтың тәрбиесін қалыптастырудағы қажырлы ұстаздық еңбегіңіздің жемісті болуына шын жүректен тілектеспіз.

Ерекше белсенділігіңіз бен педагогикалық шеберлігіңіз үшін Сізді осы дипломмен марапаттайды.

Редактор:



Р.Атаулиева

Ақпан, 2023 жыл

БІЛІМ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЦЕННОСТЬ ОБРАЗОВАНИЯ

республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы



№1 (25) ақпан 2023 жыл

Журнал айына 1 рет шығады



Ахмет Байтұрсынұлы

қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы,
публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ
КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ



Айтбаев Таксен Бердібайұлы

География пәнінің мұғалімі

Абай атындағы жетпіс орта білім беретін мектебі
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы

Бүгінгі таңда білім шығармашылыққа, өзін-өзі дамытуға және өмір-өмір жетілдіру қабілетті мобильді тұрғыны дамытуға бағытталған. Яғни мектептегі оқыту жағдайы басқару, құрделі қарым-қатынас мәселелерін белсенді шешуді талап етеді: оқытатын материалды оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен іскерлік байланысын ұйымдастыру. Сондықтан біз үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынастың жоғары формаларын дамытуға ықпал ететін бұл мұғалім мен оқушы арасындағы, сыныптастары арасындағы және типтегі қарым-қатынасты қалыптастырудың алғышарты. Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз не? «коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «compretere»-қол жеткізу, сөйлеу, шығару) – қажетті тілдерді, қаршиған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестіруге қабілетін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік жағдайларда менгеруді қамтиды. Коммуникативтік құзыреттілік құзыреттілік арқылы ақпараттың Құзыреттілік амалы-білім беру нәтижесіне ден қоятын амал, бұл жерде нәтиже ретінде білім нәтижесін игеруді емес, адамның алған білімін қолдана, жаңа білім тудыра отырып, түрлі проблемалық жағдайларда өз бетімен әрекет етуін қарастырады.

Құзыреттілік тәсілдің мақсаты- дәстүрлі емес және типтік жағдайларда шешім қабылдау және іс-әрекет жасау, өз мақсатын анықтай алу дағдыларын менгеру болып табылады. Құзыреттілік тәсілінің басты міндеті білім алушылардың бастамашылығы мен өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуге деген ынтасы болып табылады. Ол білім алушылардың жеке әрекетін атуына, өз қабілеті мен қызығушылығын ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Құзыреттілік тәсілі білім алушылардың білім, білік дағдыларын жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгертуді қамтамасыз етеді. «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «compretere»-қол жеткізу, сөйлеу, шығару) – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттерді орындау арқылы шеше білу қабілеттілігі, қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және құралдарын пайдалана алу. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, ақпарат хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы өмір процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адам арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. [2].

Академиялық тілді менгеруге қолдау көрсету үшін мұғалімдерге сабақ жоспарының төмендегі сияқты оқу мақсаттарын жүйелі түрде қосу ұсынылады:

-оқушылардың назарын академиялық тілге аудару (мысалы, пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін қажетті терминология немесе тұрақты тіркестері бар лексиканы қолдану);

-сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарымен жұмыс істеуге қажетті қарым-қатынас ұсыну (мысалы, топтық жұмыс жүргізуге, сұрақты дұрыс қоюға, жағдайды талдау, шешім қабылдауға қажетті сөздер мен сөз тіркестері);

-алдын ала оқыту және пәнді оқуда дұрыс қолдана білу үшін қажетті терминология мен тіркестер жиынтығын қамтитын лексиканы алдын ала орынды жағдайларда пайдалану;

-оқушыларды пікірталас, диалогтерге қатыстыру (мысалы, оқушыларды тілдік қолдануға беруге ынталандыру, білу деңгейіндегі сұрақтармен шектелмеу, пікірталас тиімді болуы үшін).

оқушыларды өз білімін қолдануға түрткі болу, сондай-ақ оқушылар диалогке қатыса алуы үшін қажетті лексикалық қормен қамтамасыз ету); [3].

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек. Бұл мотивацияны күшейтуді, шығармашылық әлеуетті ынталандыруды, қызметте табысқа жету үшін жеке ресурстарды анықтауды және пайдалануды, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысты қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер мен технологияларды қолдану арқылы мүмкін болады [1].

Мұғалім осындай мәселелер мен міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін принциптер, әдістер мен әдістер жүйесін құруы керек. Оларға мыналарды жатқызуға болады мынадай: - проблемалық оқыту технологиясы; - тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы; - жобалау технологиясы; - оқытудың белсенді әдістері ("ми шабуылы", "іскерлік ойын", "дөңгелек үстел", "аңгімелеу", "драмалау"). Өз тәжірибемде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізіп жүрген жұмыс түрлеріне тоқталып өтейін:

• Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)

Сұрақ-жауапқа негізделген әдістер өте көп. Мысалы мен өз сабақтарымда көбіне жаңа сабақ бастар алдында «**Миға шабуыл**» әдісін қолданамын.

Бұл әдістің тиімділігі: оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді.

8 сынып бойынша /1 бөлім, §2 / мысал келтіріп кетейін:

• «Модельдеу» дегенді қалай түсінесіз?

• Сіздер қандай географиялық модельдерді білесіздер?

• Онсыз географияны елестету мүмкін бе?

• Әлемді қалай біліп түсінеміз?

• Географияны глобуссыз елестете алар ма едіңіз? т.с.с

• «**Миға шабуыл**» әдісі. Бейнебаян «Мұздықтар»

«Мұздықтарға» байланысты бейнебаян көрсетіледі. Бейнебаян арқылы не ойлайтындығы сұралады?

- Сіз бейнебаян арқылы не байқадыңыз?

- Нелер бейнеленген?

- Мұздық дегеніміз не?

- Мұздықтардың қандай түрлерін білесіздер?

- Мұздықтар қалай пайда болады?

• **Жоба әдісі.** География және жаратылыстану сабақтарында оқу үдерісін табысты ұйымдастыру жолдарының бірі – жоба әдісі. Бұл әдіс оқушылардың белгілі бір мәселені өздігінен зерделеп, зерттеу нәтижесін көпшілікке таныстырып жариялаудан тұратын оқу-танымдық іс-әрекеттерінің жиынтығын қамтиды. Жоба жұмысы барысында оқушылардың ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері, күрделі мәселелерді шешу жолындағы ізденушілік дағдылары және өз іс-әрекетіне рефлексия жасай білу қабілеттері дами түседі [3].

Жоба әдісін қолданудың бірнеше артықшылығы бар:

- бұл әдіс оқу материалы мен оқушылардың өмірлік тәжірибесі арасында тікелей байланыс орнату принципіне негізделген;

- жоба әдісі жоғары қарым-қатынаспен сипатталады және оқушылардың өз пікірлерін, сезімдерін білдіруін, нақты іс-шараларға белсенді қатысуын көздейді;

- проблемалық мәселелерді шешу барысында лексикалық құралдар мен грамматикалық құрылымдарды еріксіз есте сақтау орын алады, шығармашылық ойлау мен қиялдың дамуы ынталандырылады;

- ойын екіні білдіруге, қаралып жатырған дүниені талдап түсінуге үшін барлық жағдайлар жасалады;

• Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы) «**Қос шеңбер**» әдісін сабақты бекітуде көп қолданамын. Ішкі шеңбер тұрақты, сыртқы шеңбер сағат тілімен ауысып отырады. Өтілген

тақырып бойынша бір-біріне сұрақ қойып диалог жүргізеді. Бұл әдістің тиімділігі: сұрақ қойып дағдылары дамиды, ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды.

«Еркін әңгіме» әдісі. Берілген мәтіннен әр оқушы өз ойымен 10-15 сөйлемнен қағаз бетіне түсіреді. Еркін әңгіме жазар алдында міндетті түрде нақты критерийлер беріледі. Сонымен бірге критерийге сәйкес екендігі туралы кері байланыс жасалады. Бұл әдістің тиімділігі: оқыған мәтін бойынша өз ойларына талдау жасай алады, проблема бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай алады, шығармашыл тұрғыдан ойлана алады, таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынаста шеберлігі артады, оқылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады. Сабақ үстінде коммуникативтік құзіреттілігін дамыту мақсатында жұптық, топтық жұмысын да пайдалану жиі.

Әр сабақтағы дұрыс ұйымдастырылған топтық және жұптық жұмыста оқушылар:

- Өздігінен тапсырманы орындайды, топ мүшелерімен немесе жұбымен өз пікірін бөліседі, алмасады;
- Жоспарланған тапсырмалар туралы айта алады;
- Өз мүмкіндігін біледі;
- Өзінің оқуы үшін үлкен жауапкершілік алуға қабілетті болады;
- Назарын бақылай алады және алаңдамайды;
- Өз тәртібі мен өзгенің тәртібі туралы және оның салдары туралы айта алады; -Нені қалай жасағаны туралы немесе нені үйренгені туралы айта алады;
- Жаңа тапсырманы сеніммен қолға алады;

Топтық және жұптық жұмыстың нәтижелері:

- 1.Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- 2.Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- 3.Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласыз;
- 4.Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік аласыз;
- 5.Оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді;
- 6.Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.
- 7.Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алғашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың

- Қатысым және жазылым қарым – қатынасын қалыптастыруға;
- Сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге;
- Жеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады.

Өйткені, осыған байланысты әдіскер-ғалым Ф.Ш.Оразбаева қатысымдық әдістің өзіндік белгілерін көрсете отырып, оған мынадай анықтама береді: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым- қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі».[2]. Осылайша мұғалімнің оқудағы құзіреттілікке бағыт– бағдар беруі оқушылардың ой-қорытынды жасауына, өз ойын айта білуіне, оны күнделікті өмірде пайдалана білуіне көмегін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Іс-тәжірибеде оқытуды басқару мен көшбасшылық-тренердің жазбалары
- 2.«Тілдік қатынас», оқулық, Алматы
- 3.МАН «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
- 4.Ғаламтор материалдары